

Аңдатпа

Дипломдық жоба NFC сымсыз деректер технологиясын зерттеуге арналған. Смартфонды қолдана отырып NFC сымсыз технологиясына негізделген Windows операциялық жүйесінде балама аутентификация механизмін енгізудің практикалық әдісі көрсетілген.

Тәуекелдерді есептеуге қатысты бөлігінде стандартты ұйымның кейбір активтерінің қауіпсіздік көрсеткіштері әзірленген жобаны іске асырғанға дейін және одан кейін көрсетіледі.

Тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі бөлімі жоба қолданылатын бөлмелерге қойылатын негізгі талаптарды сипаттайды, сонымен қатар жарықтандыру мен ауаны салқындатудың қажетті мөлшерін есептеу көрсетілген.